

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 560 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қазанда № 30148 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10407 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады, оны алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырыды.

Құжаттарды қараудың жалпы мерзімі және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, қалалық рельстік көлік құралдарын тіркеу (қайта тіркеу) туралы "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайда, тіркеу алымының төленгенін растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.";

8- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың анықтығын және көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың сәйкестігін тексереді және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) және (немесе) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын қалалық рельстік көлік құралдарының тізілімінен шығару туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімделеді, ол көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жібереді.";

14- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызмет беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

2-қосымша осы тізімге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларында:

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Жылжымалы құрам меншік құқығын алған сәттен бастап, немесе оларды тіркеуге, қайта тіркеуге әкелетін жағдайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік тіркелуге жатады.";

10, 11 және 12- тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады, оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы береді тіркеуші органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам паркінің тізбесін толтырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктер ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Тіркеуші орган құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайда лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы растауды көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алады.

11. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық болмау фактісі анықталған кезде тіркеуші орган құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан бас тартады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.

12. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тіркеуші орган құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың анықтығын және көрсетілетін қызметті алушының және (немесе)

ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімделеді, ол тіркеу органының уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

21-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кепілі) болып табылады, оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеуші органға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы өтініш береді.

Кепілдің мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ кепілдің өзге де мәліметтерді қамтитын кепілдің мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кепілдің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, кепілдің мемлекеттік қызметін көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған, жеке басын растайтын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметті тіркеу органының қызметкері "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және

кепілдің мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Тіркеуші органның жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.";

28- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"28. Жылжымалы құрамды тізілімнен шығару жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркелген, қайта тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады.

Жылжымалы құрамды тізілімнен шығарған кезде меншік иесі және/немесе иеленуші мемлекеттік корпорация, портал арқылы тіркеуші органға өтінішті, жылжымалы құрамды еркін нысанда есептен шығару туралы актіні не жылжымалы құрамның зақымданғаны және/немесе жоғалғаны туралы құжатты не мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг шартын, немесе меншік құқығының тоқтатылғанын растайтын құжатты (сатып-алу, сыйға тарту, мұрагерлік шартын) ұсынады.";

4 және 5-қосымша осы тізбеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір жол көлігі саласында жүк тасымалдауға лицензия беру мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 130 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20140 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Темір жол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу және (немесе) қайта ресімдеу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

1) мынадай өтініштердің біреуін жолдайды:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны алу үшін өтініші (бұдан әрі – лицензия алу үшін ЗТ өтініші);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның лицензияны алу үшін өтініші (бұдан әрі – лицензия алу үшін ЖТ өтініші);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес лицензияны қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның өтініші (бұдан әрі – лицензияны қайта ресімдеу үшін ЗТ өтініші);

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес лицензияны қайта ресімдеу үшін жеке тұлғаның өтініші (бұдан әрі – лицензияны қайта ресімдеу үшін ЖТ өтініші);

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10409 болып тіркелген) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау

қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны бойынша мәліметтерді толтырады (бұдан әрі – біліктілік талаптар).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазсұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға сәйкес 5-қосымшаға сәйкес "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу лицензияны қайта ресімдеу үшін ЗТ өтініші және (немесе) лицензияны қайта ресімдеу үшін ЖТ өтінішінде көрсетілетін жағдайларда жүзеге асырылады.";

8 және 9- тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған кезде, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қарастырудан бас тартады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың анықтығын және көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия ресімдеу немесе лицензияны қайта ресімдеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімделеді, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жолданады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы

деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

5-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының және  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша  
Қалалық рельстік көліктің  
көлік құралдарын мемлекеттік  
тіркеу қағидаларына  
2-қосымша

### **"Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: 1) Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу; 2) Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізілімінен шығару.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Алматы, Павлодар, Өскемен және Теміртау қалаларының жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкімет" веб – порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
		Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуде қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; қалалық рельстік



5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>көліктің көлік құралдарын қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізілімінен шығару кезінде қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізілімінен шығару туралы хабарлама; мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>1. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының куәлігін мемлекеттік тіркеу үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Код ексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен және мөлшерде алынады және алым төленген күні қолданыстағы 0,25 айлық есептік көрсеткішті құрайды.</p> <p>Бюджетке тіркеу алымының сомасын төлеу қолма – қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>2. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын қалалық рельстік көліктің көлік құралдарының тізілімінен шығару тегін жүзеге асырылады.</p>
		1) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда ( көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін: 1) өтініш; 2) меншік құқығын растайтын құжат; 3) дайындаушы зауыттың қалалық рельстік көліктің көлік құралының әрбір бірлігіне арналған техникалық паспорты (формуляр). Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын алып тастау үшін: 1) еркін нысандағы өтініштің электрондық көшірмесі; 2) кейіннен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде пайдалану үшін әкете отырып, Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын есептен шығару туралы акті не зақымдау, иеліктен шығару туралы құжат.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған

	<p>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған.</p>
<p>10</p>	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда портал арқылы көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.</p>

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының және  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

Жылжымалы құрамды және  
оның кепілін мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу), сондай-ақ  
Мемлекеттік жылжымалы құрам  
тізілімінен алып тастау  
Қағидаларына  
4-қосымша

**"Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
1) Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу;		
2) Жылжымалы құрамды мемлекеттік қайта тіркеу;		
3) Жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жылжымалы құрамды тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік және (немесе) жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы және тегін негізде көрсетіледі. Жүк, жолаушылар, арнайы жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу ақылы негізде көрсетілетін тартқыш, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеуді қоспағанда, тегін негізде жүзеге асырылады. Тіркеу алымы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Код ексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен жергілікті бюджетке төленеді: 1) тіркеу үшін – алым төленетін күні қолданыстағы 0,25 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

	<p>Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>2) қайта тіркеу үшін – алымды төлеу күні қолданыста болған 0,25 АЕК.</p> <p>Алым сомасын төлеу қолма – қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - <a href="http://www.miid.gov.kz">www. miid. gov. kz</a> интернет-ресурсында Көлік комитеті бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлігінде орналастырылған.</p> <p>Жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару тегін негізде жүзеге асырылады.</p>
<p>7</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p>
		<p>Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу үшін:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) мемлекеттік тіркеуге жататын, электрондық нысанда</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

толтырылатын жылжымалы құрам паркінің тізбесі;

3) меншік құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (оның ішінде егер ол бұрын мемлекеттік тіркеу органдарында тіркелген болса, жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімінен шығару туралы хабарламаның болуы);

4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігіне дайындаушы зауыттың техникалық паспортының (формуларының) электрондық көшірмесі.

Жылжымалы құрамды мемлекеттік қайта тіркеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) электрондық нысанда толтырылған, мемлекеттік қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам паркінің тізбесі;

3) жылжымалы құрамды қайта тіркеу үшін негіздемені растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) еркін нысандағы жылжымалы құрамды есептен шығару туралы акт не жылжымалы құрамның зақымданғаны және/немесе жоғалғаны туралы құжат не мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг шарты не меншік құқығының тоқтатылғанын растайтын құжат (сатып алу-сату, сыйға тарту, мұрагерлік шарты).

1) жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті және (немесе) оларда қамтылған деректерді (

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>мәліметтерді) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың дұрыс еместігі анықталғанда;</p> <p>2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) өтініш берушіге қатысты оның негізінде өтініш беруші жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі болса;</p> <p>4) өтініш берушіге қатысты жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болғанда;</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда портал арқылы көрсетіледі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы да алуға болады.</p>

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының және  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және

инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Жылжымалы құрамды және  
оның кепілін мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу), сондай-ақ  
Мемлекеттік жылжымалы құрам  
тізілімінен алып тастау  
Қағидаларына  
5-қосымша

**Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы КУӘЛПК № \_\_\_\_\_ Осы  
куәлік "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ **құқығындағы (жылжымалы  
құрамына құқығы көрсетілсін)**

\_\_\_\_\_ берілді  
(иесінің толық атауы, тегі, аты, әкесінің аты) (бар болған кезде) және  
жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН / БСН)

\_\_\_\_\_ үлгісіндегі санаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сериясы, вагон түрі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ зауыт нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ түгендеу нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ секциясы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жасалған жылы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап жылжымалы құрамның мемлекеттік  
тіркелгенін растайды.

Осы куәлік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық  
жағдайларда қолданылады және жылжымалы құрамның иесін куәландыратын



құжатпен бірге көрсетіледі, ондағы келтірілген мәліметтер өзгерген жағдайда ауыстыруға жатады.

Берілген күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Уәкілетті органның лауазымды адамы \_\_\_\_\_

қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының және  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша  
Жылжымалы құрамды және  
оның кепілін мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу), сондай-ақ  
Мемлекеттік жылжымалы құрам  
тізлімінен алып тастау  
Қағидаларына  
8-қосымша

### **"Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
1) Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу;		
2) Жылжымалы құрам кепілін өзгерту, толықтыруды мемлекеттік тіркеу;		
3) Жылжымалы құрамның тіркелген кепілін тоқтату.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
		Мемлекеттік тіркеу, өзгерістер, толықтырулар енгізу кезінде -

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;</p> <p>Жылжымалы құрамның тіркелген кепілін тоқтату кезінде кепілді тіркеуден шығару туралы хабарлама;</p> <p>Немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі. Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу, жылжымалы құрамның тіркелген кепілін өзгерту, толықтыру және тоқтату үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша жергілікті бюджетке төленеді және:жеке тұлғалар үшін 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); заңды тұлғалар үшін - 5 (бес) АЕК. Алым сомасын төлеу " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолмақол емес нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - <a href="http://www.miid.gov.kz">www. miid. gov. kz</a> интернет-ресурсында Көлік комитеті бөлімінің "Мемлекеттік органның қызметтері" бөлігінде орналастырылған.</p>
	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және	<p>1) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде</p>

7	ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліс пен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу үшін порталға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>Жылжымалы құрам кепілін өзгерту, толықтыруды мемлекеттік тіркеу және тіркелген кепілін тоқтату үшін порталға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>Өтінішті портал арқылы жіберген кезде жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) кепілді тіркеу туралы өтінішті толтыру толық болмаған;</p> <p>2) егер кепілді тіркеу туралы өтінішті тиісті тұлға жасамаған;</p> <p>3) егер жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда портал арқылы көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер</p>

		көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы да алуға болады.
--	--	--

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының және  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
5-қосымша  
"Теміржол көлігі саласында  
жүктерді тасымалдауға лицензия  
беру" мемлекеттік қызметті  
көрсету қағидаларына  
5-қосымша

## **"Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:		
1) Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру;		
2) Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензияны қайта ресімдеу.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанындағы теміржол көлігі саласындағы жүктерді тасымалдауға лицензия, лицензияны қайта ресімдеу не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіндегі 9-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті

		көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі. Лицензиялық алым " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы " Қазақстан Республикасының Код ексінде (Салық кодексі) белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша жергілікті бюджетке төленеді: 1) лицензия беру үшін – алым төленген күні қолданыстағы алты еселенген айлық есептік көрсеткіш; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия беру кезінде алым мөлшерлемесінің 10 % - ы. Бюджетке тіркеу алымының сомасын төлеу қолма – қолма-қол емес нысанда ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Лицензия алу үшін: 1) лицензия алу үшін ЗТ өтініші немесе лицензия алу үшін ЖТ өтініші; 2) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер; Лицензияны қайта ресімдеу үшін: 1) лицензияны қайта ресімдеу үшін ЗТ өтініші немесе

		лицензияны қайта ресімдеу үшін ЖТ өтініші.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің (жеке немесе заңды тұлғалардың) осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;</p> <p>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты теміржол көлігі саласында жүк тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болғанда;</p> <p>5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға уақытша тыйым салған жағдайларда, лицензия беруден бас тартады.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.miid.gov.kz">www. miid. gov. kz</a> алу мүмкіндігі бар интернет-ресурсында "Мемлекеттік қызметтер" деген кіші бөлімде Көлік комитеті деген бөлімінде орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының анықтама</p>

		қызметінен 1414 немесе көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.miid.gov.kz">www.miid.gov.kz</a> алу мүмкіндігі бар интернет-ресурсынан "Мемлекеттік қызметтер" деген кіші бөлімде Көлік комитеті деген бөлімде.
--	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК